

**Ерейментау аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 6С-53/2-20 " Ерейментау ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 8С-7/6-23 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 қыркүйекте № 8613-03 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 8С-26/2-24 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау аудандық мәслихатының 27.09.2024 № 8С-26/2-24 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Ерейментау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ерейментау аудандық мәслихатының "Ерейментау ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" 2020 жылғы 28 қазандағы № 6С-53/2-20 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8124 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысы уәкілетті органмен "Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20498 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 226 бұйрығына сәйкес есептеледі.";

6-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау аудандық мәслихатының төрағасы*

*М.Абжиков*